

MINOR «КОММУНИКАТИВТІК САУАТТЫЛЫҚ»

Бағдарламаның ерекшеліктері: «Коммуникативтік сауаттылық» (Minor) бағдарламасы бойынша оқу кезеңінде еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және жеке қажеттіліктерді қанағаттандыратын қосымша құзыреттер алу мүмкіндігіне ие болады. Ұжым арасында жақсы қарым-қатынас жасай білуге, білім алушылармен тіл табысуға септігін тигізеді; ұсынылған ақпаратты аудиторияға терең әрі мәнді түсіндіре білуге, өз ойын тыңдармандарға жеткізе білуге, өзіндік позициясын белгілеп, дәлелдеуге; өзінің көзқарасының дұрыстығына иландыруға, авторлық жұмысына ие болу арқылы өз құқығын қорғай білуге, көпшілік алдында еркін сөйлеуге, басқалардың ойына құрметпен қарап, өзіндік ой қорыта алатын дәрежеге жетуге көмектеседі.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері: «Коммуникативтік сауаттылық» қосымша бағдарламасын оқу арқылы көпшілік алдында өз ойын, көзқарасын сауатты түрде еркін жеткізе алатын, сөйлеу мәдениетін толық меңгерген маман иесі болу.

Төмендегі міндеттерді алға қояды:

- ұжым арасында жақсы қарым-қатынас жасай білуге;
- ұсынылған ақпаратты аудиторияға терең әрі мәнді түсіндіре білуге;
- өзінің көзқарасын, пікірін дәлелді мысалдармен еркін жазбаша және ауызша жеткізе білуге үйрету.

Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері:

ОН 1 – ортақ мақсатқа жету үшін командада тиімді жұмыс істеуде, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, креативтілік және көшбасшылық көрсете білу.

ОН 2 - сөз мәдениетінің талаптарына сай ауызша және жазбаша түрде тұжырымдайды, сөз саптау тәсілдері (баяндау, сипаттау, пайымдау) мен сөйлесім әрекетін меңгереді, өзінің игерген білімін, жеткен жетістіктеріне сыни көзқараспен бағалай алу.

ОН 3- тіл коммуникациясын, тіл мәдениетін дамыту, кәсіби өсу жолында өзінің білім траекториясын тұжырымдай алу.

Бағдарламаның мазмұны:

№	Пәннің атауы	Кредит	Сағаттың үйлестірілуі				Пәннің қысқаша сипаттамасы	Қалыптасатыратын нәтижелері
			Лекция	Практика/зертхана	СӨЖ	СӨЖ		
1	Жазу сауаттылығы және сөйлеу техникасы	5		45	30	75	Пәнді оқыту барысында білім алушыларға орфографиялық заңдылықтарды жете меңгерту, сол арқылы жазу сауаттылығына баулу, сөйлеу техникасының ерекшеліктерін түсіндіру арқылы алған теориялық білімдерін іс жүзінде дұрыс қолдана білу іскерлігі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың сөздік қорларын байытып, сөйлеу тілдерін дамыту қажет.	ОН 1 ОН 2 ОН 3
2	Педагогикалық риторика және мәнерлеп оқу	4		45	30	75	Курс барысында білім алушыларға шешендік өнердің тарихы мен теориясынан мәліметтер беріледі, мәнерлеп оқудың негіздері меңгіртіледі. Әдеби тілдің нормаларынан ауытқуларды болдырмау дағдыларын қалыптастыру; дикциядағы кемшіліктерді түзеуге, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; ғылыми (академиялық) ортада сөйлеу мәдениетін игеру; сөз саптау біліктерін шыңдау, пән бойынша кәсіби шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру секілді мәселелерді қарастырады.	ОН 1 ОН 2 ОН 3
3	Авторлық бағдарлама және эссе жазу әдістемесі	5		45	30	75	Авторлық бағдарлама және академиялық жазылым пәні педагогика саласындағы қажеттіліктен туындаған, білім алушылар мен қызметкерлердің негізгі пәндерінен тыс қосымша білім беруге арналған авторлық бағдарламаларды дайындау жолдары мен академиялық жазбаларда басқару жолдарын меңгертеді. Білім алушы авторлық бағдарламаны құрастырудың әдіс-тәсілдері, қоғам қажеттілігіне сай тақырыптардан, сол арқылы курс ұйымдастыру, бағдарламаны қолданысқа енгізу жайлы мағлұмат алады.	ОН 1 ОН 2 ОН 3